



ШЕВРОННЫҢ САРА ЖОЛЫ

НӘТИЖЕГЕ ДҰРЫС ЖОЛМЕН ЖЕТУ

Шевронның сара жолы біздің сенімімізді, алдағы мақсаттарымызды, жоспарларымызды және құндылықтарымызды түсіндіреді. Ол біздің мәдениетіміз бен ниеттеріміз туралы жалпы түсінік береді және жұмысымызға бағыт көрсетеді.



Адам тапқырлығының арқасында кез келген қиындықтардан және кедергілерден өте алады. Әлемнің артып келе жатқан энергетика талаптарын қанағаттандыру барлығымызға жарқын болашақты ұсынатын инновациялар мен озық әдістерді іздеуге шақырады.

Бұл біздің өткеніміз, бүгініміз және болашағымыз.



сенімдеріміз

энергия заманауи өмірде маңызды

Біз әлемді ілгерілететін энергия өндіру үшін жұмыс істейміз. Әр күнімізді біз осы мақсатпен өткіземіз.

болашақ көміртектің азаюында

Біздің жұмысымыз энергетика мен жаһандық тізбектерді тұрақты етуге және өнімдерімізді пайдаланатын салалар мен клиенттерімізге қолдау көрсетуге және көміртек шығарындылары аз болашаққа тез жетуге септігін тигізеді.

адамның тапқырлығы инновацияға жол ашады

Адамдардың қиялы және табандылығы энергетиканың ең қиын мәселелеріне шешім табуға көмектеседі.

көшбасшылықтың жауапкершілік жүгі ауыр

Артып келе жатқан талаптарды қанағаттандыру ең жоғары деңгейдегі қызмет пен есептілікті талап етеді. Біз жоғары нәтижелерге қол жеткізуге ұмтыламыз.



перспективалық мақсат

Қызметкерлердің кәсіби біліктілігінің, серіктестік қатынастарды дамытудың, жоғары өндірістік көрсеткіштерге қол жеткізудің арқасында ірі энергетикалық компания болу.

мақсат

Адамзаттың дамуына көмектесетін қол жетімді, сенімді және таза энергия көздерін дамыту.



ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫМЫЗ

өзгешеліктерді құрметтеу және қызметкерлерді қатыстыру

Біз қызмет атқаратын елдердің мәдени ерекшеліктерін құрметтейміз және түсінуге тырысамыз. Біз әр жеке тұлғаның бірегейлігін, тәжірибелер мен идеялардың сан алуандығын бағалайтын ерекше жұмыс ортасын құрамыз.

серіктестік

Біз сенімді, әрі өзара тиімді қарым-қатынас құрамыз. Шешім қабылдағанда және серіктестерімізге және қоғамға пайда әкелетін нәтижелерге қол жеткізгенде жұмысты жұмыла атқара отырып, серіктестерімізбен әрекеттесеміз.

жоғары көрсеткіштер

Салада жоғары нәтижелерге қол жеткізу үшін көшбасшыларды даярлаймыз және бір топта жұмыс істейміз. Серіктестеріміздің жоғары талаптарына сай болу үшін жұмысымыз бен нәтижелеріміздің деңгейін арттырып отырамыз.

адамдар және қоршаған орта

Біз еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы, қоршаған ортаны қорғау саласында көшбасшы болуға ұмтыламыз. Біз үшін қызметкерлерімізді, өндірістік нысандарымызды, жергілікті халықты және қоршаған ортаны қорғау ең басты мәселе.

адалдық пен сенім

Біз адал жұмыс істеп, ең жоғарғы әдеп қағидаларын сақтағандықтан, сенім мен құрметке иеміз. Бұл біздің мәдениетіміз бен беделіміздің негізі.

ЖҰМЫСТЫ ҚАЛАЙ АТҚАРАМЫЗ

біріктіреміз және шабыттандырамыз

Біз нақты талаптар қоямыз және ортақ мақсатты түсіндіреміз.

қарым-қатынас құрамыз

Міндеттерімізді орындап, әрқайсымыз қай жерде болсақ та өзімізді аса тиімді топ мүшесі ретінде сезіне алатын ыңғайлы жұмыс орнын құра отырып, өзімізге деген сенімді арттырамыз.

өсеміз және жетілеміз

Пікір алысып, бәсекелес артықшылықты сақтау үшін ақылға қонымды тәуекелге бел байлап, өзімізді жетілдіреміз.

нәтижелерге қол жеткіземіз

Адамдарға шешім қабылдау мүмкіндігін береміз және нәтижелерге қол жеткізу үшін кедергілерді жоямыз.



